

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 106 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 мамыр N 106а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 106 P020106_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта "1-17" деген сандар "1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11,

12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 14-қосымшада:

6-тармақтың 7-бағанындағы "Іс Басқармасының Шаруашылық басқармасы" деген сөздер "Іс Басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 18 және 19-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 17 мамырдағы

N 106а қаулысына

1 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 25 қаңтардағы

N 106 қаулысына

18 қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы
(бюджеттік бағдарламаның әкімшісі)

2002 жылға арналған

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының
ақпараттық жүйелеріне ілесе жүру"
республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 35305 мың теңге (отыз бес миллион үш жүз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 378 P000378_ қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы

Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметін ақпараттандырудың бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпараттық жүйелерге ілесе жүрудің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. ! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші ! (кіші бағдарламаны) ! мерзімі !орындаушылар
!лама!дар.!бағдарлама. ! іске асыру жөніндегі !
!коды!лама!лардың) атауы! іс-шаралар !
! !коды! ! ! !
! ! ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 500 Қазақстан Интернет жүйесіне 2002 жылдың Қазақстан
Республикасы 500 пайдаланушыны барысында Республикасы
Президенті Іс қосуға рұқсат беру. Президенті.
Басқармасының Ақпараттық-аналитика. нің Іс
ақпараттық лық материалдар мен Басқармасы
жүйелеріне электрондық халықара.
ілесе жүру лық ақпаратқа қосу
және жазылу барлығы
- 6 дана.
30 компьютерге, 20
принтерге сервистік
қызмет көрсету.
2 маманды сервистік

қызмет көрсету
бойынша 2
сертификатталған
курста оқыту. Шығыс
материалдарын
(картридждер,
тонерлер), қор
бөлшектерін сатып алу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ақпараттық жүйелердің тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз ету және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету дәрежесі 60%; деректер базасына кіруге рұқсат 40% және ақпаратты қорғау дәрежесі 80%.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 17 мамырдағы
N 106а қаулысына
2 қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 25 қаңтардағы
N 106 қаулысына
19 қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы
(бюджеттік бағдарламаның әкімшісі)

2002 жылға арналған
"Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының
ақпараттық жүйелерін дамыту"
республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 42122 мың теңге (қырық екі миллион жүз жиырма екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 378 P000378_ қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет

қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметін ақпараттандырудың бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы қызмет көрсететін мемлекеттік органдарды ақпараттық жүйелермен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. ! Бағдарламаны !Иске асыру! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші ! (кіші бағдарламаны) ! мерзімі !орындаушылар
!лама!дар.!бағдарлама. ! іске асыру жөніндегі !
!коды!лама!лардың) атауы! іс-шаралар ! !
! !коды! ! ! !
! ! ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 600 Қазақстан 4 ақпаратты қорғау 2002 жылдың Қазақстан
Республикасы және есептеуіш техни. барысында Республикасы
Президенті Іс ка құралдарын қорғау. Президенті.
Басқармасының дың активті құралда. нің Іс
ақпараттық рын; 1 электрондық Басқармасы
жүйелерін құжаттар айналымын;
қамтамасыз 1 ақпараттық жүйелер;
ету 2 аймақтық ақпараттық
жүйелерді; 3 жалпы
пайдаланылатын деректер
базасының жүйелерін
сатып алу және енгізу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Премьер-Министр Кеңесі мен
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының ақпараттық және жергілікті
есептеуіш жүйелерін рұқсатсыз қатынаудан қорғау;
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі үшін мемлекеттік

органдардың электрондық құжаттама айналымының бірыңғай жүйесін енгізу;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобалары бойынша электрондық дауыс беру кешенін енгізу;

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Премьер-Министр Кеңесінің әкімияттармен жедел электрондық байланысын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Премьер-Министр Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы үшін жалпы пайдаланылатын нормативтік-құқықтық және мұрағат деректер базасын дамыту.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.